

# Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында құстар күніне арналған «Қанатты достар» тақырыбында сырттай республикалық экологиялық байқауды өткізу ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында құстар күніне арналған «Қанатты достар» тақырыбында сырттай республикалық экологиялық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалардың биологиялық ғылымдарына, орнитологиялық фаунаға қызығушылығын қалыптастыру және табиғатқа ұқыпты қарауын тәрбиелеу.

Міндеттері:

- құстар туралы білімді насихаттау және тарату;
- құстарды қорғау идеясын насихаттау;
- жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында оқу-зерттеу жұмысын дамыту;
- дарынды балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау 2015 жылғы 2 ақпан - 6 сәуір аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың мақсатына, тақырыбы мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 6 сәуірге дейін [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электрондық поштаға, сондай-ақ мына мекен-жай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Кенесары 40, 15 этаж, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Анықтама телефоны: 8(7172)249312.

8. 2015 жылғы 6 сәуірден кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды және оларға рецензиялар, қазылар алқасының қорытындылары берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

11. Байқаудың ұйымдастырушылары автордың - қатысушының атын көрсете отырып, жұмысты баспасөзде, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

12. Байқауға қатысу үшін - 1000 (бір мың) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

**Төлемақының мақсаты:** «Қанатты достар» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем құжаты) сканерден өткізіп, [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

13. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 17 сәуірде жүргізіледі.

### 3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

14. Байқауға 8-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші жастағы санат: 8-11 жас;

орта жастағы санат: 12-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

15. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

*«Жас орнитолог» оқушының орнитология бойынша зерттеу жұмысы»;*

*«Құстар ұшып келді» бейнеклип;*

*«Біздің өлкенің құстары!» суреттер.*

16. Байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сай келетін бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

17. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

*«Жас орнитолог» оқушының орнитология бойынша зерттеу жұмысы* номинациясы бойынша шығармашылық зерттеу жұмыстары А-4 форматта, қаріп – 14, жоларалығы –1, компьютерлік терімнің негізгі ережелеріне сай болуы тиіс. Жұмыстың көлемі 15 парақтан артық болмауы керек. Жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, жасы, білім беру ұйымы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл көрсетілуі тиіс;

*«Құстар ұшып келді» (бейнеклип)* номинациясы бойынша жұмыс бейнетаспаға немесе телефонға түсірілген кез келген бейнередакторда өңделген анимациялық, қойылымдық ойын бейнефильм түрінде және т.б. орындалған болуы мүмкін. Қабылданатын форматтар: MPEG1, MPEG2, WMV, AVI. Байқау жұмысының ұзақтығы - 4 минутке дейін. Бейнесюжеттің басында - жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, жасы, білім беру ұйымы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл;

«Біздің өлкенің құстары!» номинациясында – суреттер байқауы. Байқауға А3 форматындағы суреттің түпнұсқасы жіберіледі. Суреттің оң жақ бұрышында көлемі 7x4 визиткада жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, жасы, білім беру ұйымы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл жазылуы қажет.

18. «Қанатты достар» байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен қатысушылардың үздік жұмыстары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жарияланады.

19. Жалпы талаптар:

- балаларға арналған ғылыми-танымдық сайттағы «Жасыл ғаламшар» клубының қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет;

- басқа адамның және интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады.

20. Бағалау өлшемдері:

- байқаудың тақырыбы, мақсаты мен міндеттеріне жұмыстың сәйкес келуі тиіс;

- экологиялық тақырыпты көрсету;

- материалдардың жанашылдығы ;

- ойдың бірегейлігі, ғылыми құндылығы, ресімделуі;

- жұмыстың орындалу техникасы.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау**

21. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

22. Әрбір номинацияда жас санаттары бойынша жеңімпаздар анықталады. Байқаудың жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелі дипломдармен және олардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.